

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нұр-Сұлтан, Мажиліс Парламента

«__» _____ 20 __ года

2021 жылғы 24 ақпанда жарияланды

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі
Н.А. Ноғаяқ

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Нұрлан Асқарұлы!

2021 жылғы 30 қарашада Үкімет, мұнай-газ саласындағы жергілікті қамту үлесін арттыруға арналған маңызды бастамадардың бірі Халықаралық мұнай-газ машина жасау және дамыту орталығын құру бойынша шетелдік инвесторлармен Меморандумға қол қойды. Үш ірі операторлармен (NOC, КПО және ТШО) мұнай-газ машиналарын дамытудың халықаралық орталығы жергілікті тауар өндірушілерге өнімдер мен қызметтердің жаңа түрлерін дамытуға мүмкіндік бермек.

Екіншісі, «Шеврон» компаниясымен жергілікті қамтуды дамытудың тікелей инвестициялық қорын құру.

Энергетика министрлігінің деректері бойынша, «Шеврон» компаниясы қайта инвестициялау міндеттемелері шеңберінде бөлінетін 248,5 миллион доллар үш бағыт бойынша жоспарлауда: технологиялар және IT технологиялар, негізгі тауарларды өндіру және мұнай-газ секторына арналған жабдықтардың жекелеген түрлерін құрастыру және қоршаған ортаны қорғау.

Он жыл ішінде Қазақстан Республикасының экономикасына қордың әсері 642 миллион долларды құрайды деп күтілуде. Импортталатын тауарлар мен қызметтердің отандық өндірісін жоспарлы түрде дамытуға байланысты импорттың 86 миллион долларға төмендеуі болжануда.

Әрине, бұл ақпарат барша қазақстандық кәсіпкерлер үшін үлкен оң резонанс тудырды.

Табиғи байлығымызды пайдаланатын шетелдік инвесторлар, тек салықты ғана төлемей, соған қоса, жергілікті компанияларға тиісті технологияларды, қолданылатын техниканың саймандарын қамтуға, шетелден сатып алынатын тауарларды бірлескен кәсіпорын құра отырып жергілікті

жерде шығаруға мүмкіндік тудыру - «Ақ жол» партиясының сайлауалды бағдарламасындағы талаптарының бірі болып табылады.

Алайда, «Ақ жол» фракциясы мұнай-газ саласы бойынша жергілікті қамту үлесін арттыруға мүмкіндік беретін жоғарыда аталған бастамалардың бірнеше айға созылу себептерін түсіндіруді және жобалардың іске асырылуын жеделдетуді талап етеді.

Өйткені, бұл жобалардың ең басты маңызы қарапайым ынталандырумен байланысты болып отыр: отандық компаниялардың жағдайын жақсарту, жаңа жұмыс орындарын ашу және салықтық түсімдерді арттыру.

Осыған байланысты «Ақ жол» фракциясының депутаттары:

- мұнай-газ машина жасауды дамыту жөніндегі халықаралық орталықтың нақты ашылу кезеңдерімен даму мерзімдері, оны қаржыландыру үшін шетелдік инвесторлар бөлген қаражат көлемі туралы;

- жергілікті қамтуды дамыту үшін тікелей инвестиция қорының қаражаты қандай бағыттарға, қалай жұмсалатындығы туралы;

- басқарушы компанияны таңдау және жергілікті қамтуды дамыту қорының саясатын әзірлеу жұмыстары, сондай ақ, жобаны іріктеу рәсімдері қалай жүзеге асырылатыны жайлы ақпарат жолдауыңызды сұрайды.

Құрметпен,

«Ақ жол» фракциясының депутаттары:

**С. Ерубәев
А. Перуашев
Д. Еспаева
Б. Дүйсенбинов
А. Әбілдаев
Е. Барлыбаев
А. Жұмабаева
Қ. Иса
А. Линник
Е. Өмірғали
М. Раманқұлов
А. Сембинов**